

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 қарашадағы N 1267 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 шілдедегі N 759 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.06. N 310 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 қарашадағы N 1267 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 43, 429-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті туралы ережеде :

1-тармақтағы "су ресурстарын басқару саласында" деген сөздер "су қорын пайдалану және қорғау саласында" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 0 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) су қорын пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты, экономиканың су секторын дамыту және жерді мелиорациялау бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;"

2) тармақшадағы "су ресурстарын пайдалану мен қорғауды" деген сөздер "су қорын пайдалану және қорғау" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "су" деген сөз "су қорын" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша алынып тасталсын;

1 1 - т а р м а қ т а :

2), 3), 4), 5), 8), 11), 12), 13), 14), 15) тармақшалар мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен арнайы су пайдалану жөніндегі қызмет түрлеріне лицензияның немесе рұқсаттың берілуін, қолданылуын тоқтата тұруды жүзеге асырады;

3) су шаруашылығы құрылыстарын пайдалануға қабылдау-беру жөніндегі жұмысқа қатысады, су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін су шаруашылығы құрылыстарының жобаларын және құрылыс, түбін тереңдету мен өзге де жұмыстар жүргізуді, су объектілеріндегі, су қорғау аймақтары мен

белдеулеріндегі кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды орналастыру, жобалау, салу, қайта жаңарту әрі пайдалануға беру шарттарын келіседі;

4) республикалық меншіктегі су объектілері мен ауыз сумен жабдықтау көздерін пайдалану режимін, сондай-ақ су объектілерінде тікелей орналасқан су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану ережесін бекітеді;

5) республикалық меншіктегі су объектілерін, су шаруашылығы құрылыстарын пайдалануды ұйымдастырады;" ;

"8) мүдделі мемлекеттік органдармен келісім бойынша су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану ережелерін бекітеді;" ;

"11) негізгі өзендердің бассейндері бойынша және тұтас алғанда республика бойынша басқа да су объектілерінің су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғау схемаларын әзірлейді ;

12) экономика салаларында су тұтынудың үлесті нормаларын келіседі;

13) ортақ су пайдаланудың үлгі ережелерін бекітеді;

14) бассейндер мен су пайдаланушылар бөлінісінде су пайдалану лимиттерін б е к і т е д і ;

15) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру және ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көзі болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтер құнын субсидиялау тәртібін әзірлейді;" ;

мынадай мазмұндағы 16), 17), 18), 19), 20), 21), 22), 23) тармақшалармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"16) су пайдаланудың үлесті нормалары мен нормативтерін бекітеді;

17) су объектілерінің ақпараттық дерекқорын жасайды және оған барлық мүдделі тұлғалардың қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

18) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы жобалау, іздестіру, ғылыми-зертеу және конструкторлық жұмыстарды ұйымдастырады;

19) Қазақстан Республикасының су заңнамасы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды;

20) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың басым бағыттарын әзірлеуге қатысады;

21) су шаруашылығындағы инвестициялық жобаларды дайындауды және іске а с ы р у д ы ж ү з е г е а с ы р а д ы ;

22) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы гранттар мен қарыздар есебінен қаржыландырылатын жобаларды әзірлеу мен іске асыруды жүзеге а с ы р а д ы ;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен су қатынастарын реттеу, трансшекаралық суларды ұтымды пайдалану мен қорғау мәселелері бойынша шектес мемлекеттермен ынтымақтастықты жүзеге асырады;

24) су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу ережелерін әзірлейді.".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК